

*Н. ЖАНХАН, ҚР ІІМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫҢДАҒЫ ҚАРАҒАҢДЫ АКАДЕМИЯСЫНДАҒЫ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫНЫҢ ОҚЫТУШЫСЫ*

**БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫҢДАРЫНАН БОСАТЫЛҒАН
СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Көптеген мемлекеттерде сияқты Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесінде және жалпы қоғамда бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың әлеуметтік бейімделу мәселелері өзекті болып отыр.

Бүгінде мемлекетіміздің конституциялық құрылысы нығайып, саяси және құқықтық іргетасы бекіді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Жарлығымен 2010-2020 жылдар аралығындағы мемлекеттік құқықтық саясат тұжырымдамасының бекітілуі еліміздің құқықтық дамуын тағы бір айқындап, бағыт-бағдарымызды, мақсат-міндетімізді белгілей отырып, «...Бас бостандығынан айырылғандарды қоғамдық пайдалы еңбекке немесе оқытуға, әлеуметке қосу, оның ішінде есірткіге қарсы, алкогольге қарсы мазмұндағы әлеуметтік бағдарламаларға тарту арқылы не әлеуметтік белсенді қызметтің өзге түрлерімен жұмыспен қамту мәселелерін шешу өзекті болып табылады. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды толыққанды қоғам мүшесі ретінде әлеуметке қосу аясындағы тұтас мемлекеттік саясатты қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі шаралар қажет екендігі айқындалды»¹.

Статистика бойынша бостандыққа шыққаннан кейін сотталғандардың жартысына жуығы аз уақыттың ішінде қайталап қылмыс жасап, жазаға тартылған. Түзеу мекемелерінде жүргізілген психологиялық зерттеулердің мәліметтері көрсеткендей, көптеген сотталушылар бас бостандығынан айыру орындарынан босап шығар алдында бір жағынан көптен бері ұмыт болып кеткен еріктілік пен бостандықтың алдындағы қорқыныш сезімінің болуынан, екінші жағынан жеке басын куәландыратын құжаттың болмауынан, әлеуметтік байланыстың үзілуі сияқты құқықтық көмекке қауқарсыздығынан стрестік жағдайда болады².

Бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан адамдарда жұмысқа орналасуға деген мүмкіндіктің төмендігі, өзіндік жұмыс іздеу дағдыларының болмауы байқалады. Әрбір үшінші бұрын сотталған тұрмыстық және жұмыспен қамтылуды қажет етеді. Қазақстан Республикасының Конституциясының 14-бабында: «...Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтындығы, ал 24-бабында: ... Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар екендігі айтылады³. Жоғарыда айтылып өткендей, конституциялық нормаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 175-бабында: «Жазасын өтеген адамдар соттылығы бар адамдар үшін көзделген шектеулермен Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген міндеттерді орындап, құқықтарды пайдаланатындығы» жөнінде айтылған⁴.

Бұқаралық ақпарат көздерінің мәліметтеріне сүйенсек, Халықаралық түрме реформасы Қазақстанды түрмеде отырғандар саны жағынан 22-орынға қойған болатын. 2011 жылдың 28 желтоқсанында қабылданған Қазақстан Республикасының Заңы бойынша⁵, Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орайластырылған рақымшылық шарасының жалғасып жатқанын, соның нәтижесінде 2 мыңнан астам азаматтың түрмеден шыққанын ескерсек, алдағы көрсеткіш әлі де жақсара түспек. Сөйтіп, 90-жылдары әлем елдері арасында сотталғандар саны жағынан АҚШ пен Ресейден кейінгі үшінші орында тұрған Қазақстан Республикасы түрмедегілер жағдайын жақсартты. Әйтсе де бостандыққа шыққандардың кейінгі халі қалай болмақ? Осы жағдайда көптеген мемлекеттер секілді, Қазақстан Республикасы бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандар санының азаюымен әлеуметтік тұрақтылықты сақтау секілді екі жақты міндетті шешу қажеттілігінен туындаған мәселеге тап болды.

Осы мақсатта бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың әлеуметтік мәселелерін шешуді қамтамасыз ететін, әлеуметтік инфрақұрылымды жасауды қарастыратын және түзеу мекемелерінде жалпы білім беру, кәсіптік білім берудің бағдарламасы қажет. Сондай-ақ, бұрынғы сотталғандардың әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісін зерделеу мақсатында бұрынғы сотталғандардың әлеуметтік бейімделуінің түсінігін, олардың әлеуметтік бейімделуінің ерекшеліктері мен кезеңдерін және соттылықтың жеке тұлғаға әсер етуін анықтау қажет. Бас бостандығынан айырылғандарды және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды оңалту үшін жағдайлар жасау, оларды қоғамдағы өмір сүру жағдайына бейімдеу, қылмыстардың қайталануының деңгейін төмендету қылмыстық-атқару саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Осы бағытта Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару құқығының — «Жазаны өтеуден босатылатын сотталғандарға көмек және оларды бақылау деген тарауындағы баптарда бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың қоғамдық ортаға, бостандыққа әлеуметтік бейімделуінің, тұрғын үй-жаймен қамтамасыз етілуін, тіркелу мен құжаттандырудың мәселелерін шешу жолында жергілікті әкімдіктің тарапынан нақты орындалатын міндет-мақсаттарды көрсетіп, кеңінен қызмет түрлерін жүзеге асыру қажеттігін ұсынамыз.

¹ Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2009 жылғы 24 тамыздағы «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезенге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Жарлығы, 2.10-бағыт.

² Деев В. Г. Ушатиков А. И. Психодиагностика осужденных. — Н. Новгород, 2005. — 48-6.

³ Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз (07.10.1998 ж., 21.05.2007 ж., 02.02.2011 ж. өзгертулерімен және толықтыруларымен).

⁴ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі 1997 ж. (кейінгі өзгерту және толықтыруларымен).

⁵ «Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігінің жиырма жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылдың 28 желтоқсандағы №521-IV Заңы.